

Білім алушының өзіндік жұмысы

- **Мамандығы:** Жалпы медицина
- **Пәні:** Гистология - 2
- **Кафедрасы:** Гистология, цитология және эмбриология
- **Курсы:** 3
- **Тақырыбы:** Диффузды эндокринді жүйе

Орындаған: Сабит Аманкул 312 А
Қабылдаған: Сермағанбетова И.Т.

Ақтөбе 2016 жыл.

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- 1. Эндокринді жүйеге сипаттама
- 2. Эндокринді жүйелер жіктелісі
- 3. Ортаңғы мүшелер: Гипоталамус, Гипофиз, Эпифиз
- 4. Шеткі мүшелер: Қалқанша және бүйрек үсті бездері
- 5. Арасынан бездер: - эндо-экзокринді кызмет аткаратын бездер: гонадалар
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер


Kіріспе

- Мен бұл өзіндік жұмысымда эндокриндік бездер туралы жазып отырмын. Организм функциялары нерв және эндокринді жүйе арқылы реттеліп тұрады. Эндокринді жүйе бұл реттеуші жүйенің эфференттік звеносы болып табылады және ішкі ортаны қалыпты жағдайда сақтайды. Бұл қызмет эндокринді жүйенің қанға бөлініп шығатын гормондары арқылы атқарылады. Бұл органдардың белсенділігінің өзгеруі олардың құрылышы өзгеруімен жүреді, сонымен қатар керісінше олардың құрылышының бұзылуы өндіретін гормондарының мөлшерін өзгертеді. Осы тақырыптан алынған білім студенттер үшін гормоналды реттеу бұзылуларын түсінуге қажет.

Эндокриндік жүйе

- **Эндокриндік жүйе** — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — канның — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — қанның құрамындағы гормондар — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — қанның құрамындағы гормондар және минералдық заттардың — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — қанның құрамындағы гормондар және минералдық заттардың әсерлері арқылы организм — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — қанниң

- Эндокринді гормондар табиғаты негізінен құрамындағы қосылыштарға байланысты:
- а) аминқышқылды (олигопептид, пептид, белок, т.б.)
- б) гликопротеидті;
- в) стероидты (холестеринді туындылары бар).



Гормондар

- Гормондар әсері, олармен әрекеттесуші рецепторлар табиғатына байланысты. Мысалы, нерв және бұлшық ет тоқымаларында рецепторлармен әрекеттеуші адреналин гормоны эфекті кейбір ағзаларда бұлшық ет қысқаруына, ал екіншілерінде бұлшық ет тоқымасының босаңсуына соқтырады. Оның себебі, тері асты терминалды бөлігіндегі тегіс бұлшық ет хұжайраларының – рецепторлары адреналинмен әрекеттеседі (адамдарда осы әсер арқылы шошып кетіп бозару құбылысы өтеді). Өкпе бронхиолдары бұлшық етіндегі В – рецепторлардың адреналинмен әрекеттесуі арқылы бұлшық ет тоқымасы босаңсиды. Сондай-ақ адреналин табиғатына AMP – молекуласының қосылуы әсер өтеді, соның үшін: гликогеннің глюкозаға өзгеруіне себепші болады. (Старленді). Кейбір гормондар, белок синтезіндегі гендер жүйесі активтілігіне де әсер өтеді. Мысалы, қалқан безі гормондары (стериоидты) липидтермен әрекеттескенде ериді, полазматикалық мембранадан өтеді. Цитоплазмада гормон, арнаулы белокты рецепторлармен байланысады, гормон-рецептор комплексі сатылы реакциялар арқылы ядроға енеді. (А. Хэм, Д. Корман).

Гормондардың қасиеттері:

- а) олар өте белсенді, тым азғантай мөлшерде (микрограмм, нанограмм, пикограмм) әсер ете алады;
- ә) әсері арнайы бағытталған, бір гормон жетіспегендеге екінші бездің гормоны немесе басқа бір белсенді химиялық зат оның қызметін атқара алмайды;
- б) ұлпаларға, мүшелерге өзінің пайда болатын жерінен дистантты, яғни қашық тұрып, алыстан әсер етеді.

Эндокринді жүйе жіктеледі

Эндокринді
жүйенің
орталық
ағзалалары:
1-Гипоталамус
(нейросекрето-
рлық ядро);
2- Гипофиз;
3 –Эпифиз.

II. Эндокринді
жүйенің
перифириялы
қ ағзалары:
1 – қалқанша
безі;
2- қалқанша
жаны безі;
3- бүйрек үсті
безі;

Аралас
бездер:
1-ұйқы безі;
2-жыныс
бездері;
3- плацента

IV. Жалқы
(жеке)
орналасқан
эндокринді
хұжайралар

Эндокриндік бездердің дамуына байланысты жіктелісі

Энтодермалдық бездер –
бронхиогендік топ

Ішек тұтігінің энтодермалды бездер

Мезодермалық бездер

Эктодермалық бездер – неврогендік
топ

Адренал жүйесі

Гипаталамус дамуы

- Дамуы. Ми негізінен (табаны) өсінді күйінде, гипофиздің артқы бөлімі дамиды, бездің қалған бөліктері эпителиалды және нейралды бөлімдерден бастама алады. Бас ми дамуының тұтікше күйінде (эмбрионда) эктодермалды эпителийдің ауыз қуысымен жалғасатын жеріндегі бөртуден Ратка (гипофизарлық) қалтасы құралады, одан соң эпителиалды қалташаға өзгереді (адиногипофизге - бастама құрайды). Бұл қалташаның бас ми бастаманың аралық көпіршігімен жанасуынан 3 ші қарынша тұтігі құралады

Гипоталамус құрылышы

- Гипофизарлық қалтаның алдыңғы қабырғасы кеңейіп, гипофиздің алдыңғы бөлігін құрайды, артқы қабырғасы аралық бөлігін құрайды. Алдыңғы және аралық бөлік ортасында жінішке гипофизарлық қуыстық (қалта қалдығы) қалады. Адам эмбрионында алдыңғы және аралық бөлік қосылып кетеді (куыс жоқ). Тұтікшенің (воронка) дисталды ұшының нейроглийлері — гипофиздің артқы бөлігін (нейрогипофизді) құрайды. Тұтікшенің проксималды бөлігі жінішкеріп, гипофизді гипоталамуспен жалғаушы гипофизарлық аяқшалар құрайды.

Гипофиздің ішкі құрылышы және орналасуы





Рис. 237. Гипофиз.

I — строение передней доли гипофиза. Окраска Маллори. 1 — ацидофильные эндокриноциты; 2 — базофильные эндокриноциты; 3 — гемокапилляры; 4 — хромофорные эндокриноциты; II — микрография передней (A), средней (Б) и задней (В) долей гипофиза. Окраска азаном. 1 — хромофорные клетки; 2 — базофильные клетки; 3 — ацидофильные клетки. 4 — кровеносные капилляры с эритроцитами; 5 — эпителий фолликулов промежуточной доли; 6 — коллоид; 7 — питуициты (рисунок и препарат Ю. И. Афанасьева).

Pituitary and Pineal Glands



Эпифиз

- **Дамуы.** Адам эмбронында 5-6-шы аптада түтікшелі кезең аралық ми бөртуінен эпифиз қалыптасады. Хайуанаттарда домалақ ауыздылар, парапинеалды бөртпелер (эпителиалды нервті құрылыш) және жұнсыз маңдай симпатикалық нервтер арқылы сөule тітіркенгіштігі эпифизге келеді. Эпифиз қабырғасы әпиндимдерінің бөртуінен қосымша **субкомисуралды ағза** құралады (эпифиз құрамында болады).

Құрылышы.

- Эпифиздің сыртқы жағын дәнекер тоқымалы капсула қоршаған, олардан без паренхимасына дәнекер тоқымалы тосқауылдар өтеді (құрамында қан тамырлары бар). Эпифизде 2 түрлі хұжайлар; пинелоциттер (паренхималы) және глиал хұжайлар бар.

Иннервациясы.

- Мойын ганглийінен бастаушы эпифиздің наренхимасына (pineалоциттер өндірілүші) келуші симпатикалық нерв талшықтарына импулстары эпивиздегі сиротониннің мелотонинге өзгеруін күшейтеді.

Жастьқ ерекшеліктері

- Жас шамасы өзгеруіне қарай мысалы, адамда 5-6 жаста эпифиз жақсы қалыптасады, оның қызметі жас үлғаюына қарай (ерлерде 60 жас, әйелдерде 60-65 жас) инвалюцияға үшірайды, яғни: стромасы үлғаяды, фосфатты және карбонатты тұздар көбейеді, олар қатпар-қатпар түйіршік түрінде болады *ми құмы* (топырақ) *түйіршігі* деп аталады.

Қалқанды бездер.

- **Дамуы.** Адам эмбрионында 3-4-ші аптада тұтікшелі кезеңде жабралы қалтаның 1-ші және 2-ші жұбы аралығында өңеш қабырғасының бөртуінен қалқанды без бастamasы құралады. Бұл бастама (бөртпе-бүршік) эпителиалдық тұтам күйінде өңеш ішегін бойлай өседі (ұлғаяды), жабралық қаттаның III-IV-жұбында эпителиалды тұтам ұлғайып қалқанды бездің оң және сол бөліктерінің қалыптасуына бастама болады. Алғашқы эпителиалды тұтам шығарушы тұтікке сәйкес келуші құрылым жойылып (атрофиялану) қалқанды бездің екі бөлігін жалғастыруши жіпше ретінде, сондай-ақ тіл түбірінде шұқыр күйіндегі проксималды бөлім болып сақталып қалады. Басқа сұт қоректілерде эпителиалды тұтамның дисталды ұшы да атрофиланады, сол үшін қалқанды бездің екі бөлігі тұтаспайды (жалғану байланысы жоқ) бөлек-бөлек күйінде сақталады. Бөліктер бастamasы ұлғайып эпителиалды трабекуланың тармақталған сирек торын құрайды, олардың фолликулы дамиды, аралықтарына қан тамыры мен нервтері бар мезенхима орналасады (дамып өнеді). Сондай-ақ адам және сұт қоректілерде нейропастаттарданbastama алушы нейроэндрокринді нарафоллнулярлық хұжайралары болады.

Құрылымдық қабаттар

- Қалқанды без дәнекер тоқыма кансуласымен қоршалған, капсула тармақтары бездің көптеген бөліктерге тілімдейді, олар қалқанды бездің құрылымдық функционалдық бірлігі – *фоллиулалар (аденомерлері)* болып есептеледі, созылыңқы шар тәріздес көпіршікті құрылым. Бездің функционалдық активтілігі күшейген кезде көптеген тармақты қатпарлар құрайды, фоллиула жұлдызды пішінге өзгереді, фоллиула кеңістігінде *коллоидты – секреторларды* эпителиалды хұжайралар жинақталады, олар фоллиула қабырғасын қаптайтын. Функционалдық қызметті орындауда өндірілетін коллоидтар – *тироглобулиннан* құралған кілегейлі – қоймалжың сұйықтық зат. Фоллиулаларды, құрамында: қан тамыры мен лимфакапилляры бар дәнекер тоқымалар талшықтары бөліктерге тілімдейді, қан тамыры мен лимфа капилляры және нерв талшықтары фоллиуланы орайды. Бұл қабаттарда тироиды эпителиалды хұжайралар шоғыры жинақталған болады, сондай-ақ фоллиулалар аралық дәнекер тоқымалы қабаттарда: лимфоциттер, плазматикалық хұжайралар және тоқымалы базофилдері болады.

Қалқанша маңы бездері

- қалқанша бездің жоғарғы және төменгі жағына жанаса орналасқан. Без паратгормон бөледі. Паратгормон - күрделі құрылышты зат. Ол денедегі кальций мен фосфаттардың алмасуын, тағамның ішектен қанға тез сінірілуін, зәрмен бірге шығарылуын реттейді. Кальция алмасудың реттелуі паратгормонның және D дәруменінің қатысуымен болады. D дәрумені жетіспегендеге сүйектің құрамында кальций азайып, оның қаттылық, мықтылық қасиеті төмендейді.

Айырша без

- Айырша без - тимус көптеген бөлікшелерден тұратын қос без. Тәстің ішкі бетінде, жүрек ұясының (ортаңғы қабырғаның) үстіңгі жағында орналасқан. Астыңғы жағы жүрек қабы - перикардпен, артқы жағы ірі-ірі қан тамырлармен шектескен. Айырша безін көзбен көріп, қолмен ұстаяу қыын, сондықтан ол ойдағыдай зерттелмеген. Без екі - қабық және ми қабаттардан тұрады. Онда екі түрлі жасуша бар - лимфоид жасуша (ұсақ микроциттер) негізінен қабық қабатта, торлы жасуша астыңғы қабатта орналасқан. Олар бірігіп селдір торға айналады, торда лимфоциттер орналасады.

Ұйқы безі

- Қарынасты (ұйқы) безі аралас сөлініс безге жатады. Ол әрі ішкі, әрі сыртқы сөлініс қызметтің атқарады. Сыртқы сөлініс қызметтің асқорыту сөлін өндіру қызметтің жатады. Ішкі сөлініс қызметтің Лангерганс аралшықтары атқарады. Лангерганс аралшықтары ұйқы безінің негізінен "үш" жағында және аздап басқа бөлімдерінде орналасқан ерекше тін. Аралшық жасушалардың өзектері болмайды. Ең алғаш аралшықты морфологиялық жеке құрылым ретінде 1863 ж. Лангерганс ашты. Лангерганс аралшықтарында 2 түрлі жасушалар бар және (түйірлі жасуша). Олардың жалпы салмағы бездің 0,01%. Аралшық тіндерінің салмағы аз болғанымен организмнің тірлігіне өте қажетті. Оның гипоқызметтің қантты диабет ауруын тудырады. "Диабет" деген сөз грекше "тесіп өтемін" деген мағынада. Осы сөз бұл аурудың дәл негізін көрсетеді. Шынында, қант жасушалық тіндік кедергінің бәрінен өтіп көп мөлшерде сыртқа шығады.

Бүйрекұсті бездері

- Бүйрекұсті бездері бүйректердің жоғары жағында орналасқан. Олардың салмақтары 6-12 г. Әрқайсысы қыртысты және мильты қабаттан тұрады. Қыртысты қабат без салмағының $\frac{4}{5}$, мильты қабаты $\frac{1}{5}$ бөлігін алғып жатыр.
- Мильты және қыртысты қабаттардың шығу тегі, құрылышы және қызметі жағынан әртүрлі. Олардың қанмен қамтамасыздандыруы ерекше.

Жыныс бездері

- Жыныс бездері - гонадалар (грекше gonе - пайда болу, aden - без) аралас сөлініс бездері болып есептеледі. Олардың сыртқы сөліністік қызметі - жыныс жасушаларын (гаметоциттерді) жасау және шығару. Еркек организмдегі ұрық жолында сперматозоидтар, ал ұрғашы организмдегі аналық безде жұмыртқа жасушалары пісіп жетіледі. Демек, жыныс бездерінің негізгі қызметтерінің бірі - көбею немесе репродуктивтік қызметі. Сонымен қатар, бұдан кем түспейтін эндокринді қызмет атқарады. Зат алмасу, көбею жыныс белгілерін ажыратуынан (диференция) бастап, ұрықтың пайда болып, дамып, тууына дейінгі көптеген үрдістерді реттейтін жыныс гормондарын шығарады

Қорытынды

- Эндокринология ішкі сөлініс бездердің физиологиясы мен патологиясы ғылым ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулердің негізін А.Бертольд салды. Ол ерек жануарлардың жыныс бездерін сылып алып тастағанда негізгі және қосымша жыныс белгілерінің өзгеріп, ал бұл безді қайтадан денесіне орнатқанда, оның жағдайы айтарлықтай жақсаратының анықтады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1."Цитология,эмбриология және гистология" Ж.О.Аяпова Алматы 2009
- 2."Гистология" Ю.И.Афанасьев, Н.А.Юрин Москва-2001,379-409 беттер,410-424 беттер
- 3."Эмбриология негіздері" Т.Ж.Үмбетов Т.Ж.Бrimov
4. Рақышев А.Р. Адам анатомиясы I,II том 20042. Рақышев А.Р. Адам анатомиясының атласы, I,II том. Алматы: «Кітап», 2006.
5. Жұмабаев Ү., Әубекіров Ә.Б., Досаев Т.М. ж.т.б. Адам анатомиясы, атлас. I,II, III, IV том. Астана: «Фолиант», 2005.
- 6.Гистология Цитология и Эмбриология : атлас О.В.Волковой, Т.К.Дубовая и др-М.,Медицина, 1983г
- 7.Лабораторные занятия по курсу гистологии, цитологии, эмбриологии Ю.И.Афанасьева,А.Н.Яцковского.-М., Медицина,1999.
- 8.МомыновТ.,Рақышев А.,Медицинский словарь-Медициналық сөздік.Алматы:Атамұра,1999.